



"McGuire, Woods, Battle & Boothe, International L.L.C." халықаралық заң фирмасының және "McGuire, Woods, Battle & Boothe, International V.L.L.P." жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметтеріне ақы төлеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 5 маусым N 840

"Айзенберг" компаниялар тобымен болған төрелік анықтау бойынша, сондай-ақ Нью-Делиде (Үндістан) "Қазақстан әуе жолы" Ұлттық акционерлік авиакомпаниясының ұшағы мен "Сауди Арабиан Эйрлайнз" авиакомпаниясы ұшағының соқтығысуына байланысты іс бойынша Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіруге және қорғауға байланысты "McGuire, Woods, Battle & Boothe, International L.L.C." халықаралық заң фирмасының және "McGuire, Woods, Battle & Boothe, International V.L.L.P." жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің шығыстарына ақы төлеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне "McGuire, Woods, Battle & Boothe, International L.L.C." халықаралық заң фирмасының және "McGuire, Woods, Battle & Boothe, International V.L.L.P." жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметтеріне ақы төлеу үшін 2000 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше оқиғаларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 58356,76 (елу сегіз мың үш жүз елу

алты) АҚШ жоллары 76 центке баламалы сомада қаражат бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Бағарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ